2. Осы Шарттың күші осы Шарт шеңберінде Тараптар арасында жасалған барлық Сатып алудың шарттарына қолданылады.

3. Қызметтер берушінің Қызметтерді сатып алу Шартын жасасуы осы Шартқа қосылуын және осы Шарт бойынша талаптар мен міндеттемелерді қабылдауды білдіреді.

4. Қызметтер берушінің Қызметтерді сатып алу шартын жасасуы Сатып алу қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Шарттың Мәні

5. Қызметтер беруші Сатып алу шартында айқындалған **сомалар шегінде және мерзімдерде (қызметтер көрсету кезеңі) көлемінде** қызметтер көрсетеді.

6. Тапсырыс беруші Қызметтер берушіге көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуді **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларымен (бұдан әрі – Ақы төлеу қағидалары), Сатып алу шартымен және осы Шартта айқындалған тәртіппен және мерзімде жүзеге асырады.**

7. Қызмет көрсетуге қосылған құн салығы салынбайды.

8. Қызметтер беруші Тапсырыс берушіден Сатып алу шартында және осы Шартта көзделмеген өз шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы емес.

3. Төлем шарттары мен тәртібі

9. Көрсетілген қызметтер үшін Қызметтер берушіге ақы төлеу **Ақы төлеу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 7-баптың 65)-тармаққа сәйкес бекітілген ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде** көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтер (бұдан әрі – тарифтер) бойынша қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша мониторингінің нәтижелерін ескере отырып, көрсетілген қызметтер актілерінің негізінде жүзеге асырылады.

Медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша **анықталатын медициналық көмек көрсетудің ақаулары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидаларына** (бұдан әрі – Мониторинг қағидалары) сәйкес медициналық көмектің түрлері мен медициналық қызмет түрлері бойынша ақаулардың бірыңғай жіктеліміне сәйкес Тапсырыс берушімен Қызметтер берушіге төлеуге жататын соманы азайту арқылы айыппұл санкцияларын қолдану үшін негіздеме болып **табылады.**

10. **Ақы төлеу қағидаларына және Қызметтерді сатып алу шартының ай сайынғы қызметтердің көлемін және қаражаттың көлемін қайта бөлу бойынша қосымшасына сәйкес қызметтерге ақы төлеу Сатып алу шартының жылдық сомасынан аспайтын сома шегінде жүргізіледі.**

11. Тарифтің мөлшерін, оны қолдану мен таратуды, сатып алынатын қызметтердің көлемін және (немесе) Сатып алу шартының сомасын Тапсырыс беруші Сатып алу шартының қолданылу кезеңінде бір жақты тәртіппен қайта қарауы мүмкін.

12. Қызметтер берушіге аванс беру (алдын ала ақы төлеу) Ақы төлеу қағидаларына және Сатып алу шартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

13. Қызметтер беруші:

1) шарттың мәніне сәйкес және Сатып алу шартында айқындалған көлемде медициналық қызметтер көрсетуге:

ТМККК шеңберінде

- **Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің (бұдан әрі – Кодекс) 196-бабының 1-тармағы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қауылысымен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі (бұдан әрі – ТМККК тізбесі) бойынша Қазақстан**

Республикасының азаматтарына, қандастарға, босқындар, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға;

- Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға, баспана іздеген адамдарға және егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Кодекстің 83-баптың 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығымен бекітілген тізбе және көлемде бойынша айналасындағылар үшін қауіп төндіретін жіті аурулар кезінде ТМККК алу құқығы барларға;

- Кодекстің 83-баптың 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша және көлемде Қазақстан Республикасының аумағында адам саудасының құрбаны ретінде анықталған және сәйкестендірілген шетелдіктерге мен азаматтығы жоқ адамдарға;

МӘМС жүйесінде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысымен бекітілген Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек тізбесіне (бұдан әрі – МӘМС тізбесі) сәйкес МӘМС туралы Заңның негізінде МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқығы бар медициналық қызметтерді тұтынушыларға);

2) «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығымен айқындалған жағдайларды есепке алмай отырып, Кодекстің 202-бабының сәйкес Қызметтерді сатып алу шарты жасалған қызметтерді ақылы негізде ұсынбау;

3) медициналық қызметтерді тұтынушыларға шарттың барлық қолданылу мерзімі ішінде медициналық көмектің қолжетімділігін, уақтылылығын, іркіліссіз көрсетілуін қамтамасыз ету. Көрсетілген міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін жағдайлар туындаған кезде Сатып алу қағидаларына сәйкес дерекқорға енгізілген бірлесіп орындаушыларды тарту жолымен қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге;

4) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар Заңы) сәйкес Сатып алу шарттың барлық қолданылу кезеңіне ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету үшін Сатып алу шартында көрсетілген өндірістік базалар бойынша медициналық қызметке лицензияның және оларға қосымшалардың болуын қамтамасыз етуге;

5) Рұқсаттар және хабарламалар Заңына сәйкес Сатып алу шарттың барлық қолданылу кезеңіне фармацевтикалық қызметке лицензияның болуын қамтамасыз етуге;

6) Рұқсаттар және хабарламалар Заңына сәйкес Сатып алу шарттың барлық қолданылу кезеңіне иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге арналған лицензияның болуын қамтамасыз етуге (қажет болған жағдайда);

7) Рұқсаттар және хабарламалар Заңына сәйкес Сатып алу шарттың барлық қолданылу кезеңіне есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензияның болуын қамтамасыз етуге (қажет болған жағдайда);

8) Сатып алу шарттың барлық қолданылу кезеңіне Денсаулық туралы кодекстің 27- бабының 4-тармағына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы маманның сертификаты бар қызметкерлермен медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етуге;

9) консультациялық-диагностикалық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін бірлесіп орындау шеңберінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығымен бекітілген Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларына (бұдан әрі – № ҚРДСМ-37 бұйрығы) сәйкес амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған көмек көрсету үшін стационарлардың (кадрлардың, медициналық техниканың, үй-жайлардың) ресурстарын пайдалануды қамтамасыз етуге оларда (консультациялық-диагностикалық орталық (бөлімшесі) болған кезде стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсететін қызметтер берушілер үшін);

10) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесінде және Қордың ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі Денсаулық сақтаудың АЖ) деректерді қалыптастыру үшін Қызметтер берушінің медициналық ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - МАЖ) деректердің уақтылы, дұрыс, толық және дәл енгізілуін қамтамасыз етуге;

11) Мониторинг қағидаларына сәйкес Сатып алу шарты талаптарының орындалуын мониторингтеуге жауапты Тапсырыс берушінің қызметкерлеріне қарау нысанында Қызметтер берушінің және тартылған бірлесіп орындаушының МАЖ-на қол жеткізуді ұсынуға;

12) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығымен бекітілген Медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларына сәйкес пациентті қолдау және ішкі сараптама қызметін қамтамасыз етуге;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды пайдалануға;

14) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ - 75 бұйрығымен бекітілген Қазақстан

Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесіне сәйкес амбулаториялық қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың және мамандандырылған емдік **Қызметтердердің** медициналық қызметтерін тұтынушыға жіберу үшін рецепті жазып беруді қамтамасыз етуге;

15) Сатып алу шартына сәйкес медициналық көмек көрсету үшін қажетті медициналық бұйымдардың (медициналық техниканың) болуын қамтамасыз етуге міндетті. Көрсетілген міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін жағдайлар туындаған кезде Сатып алу қағидаларына сәйкес дерекқорға қосылған бірлесіп орындаушыларды тарту арқылы **көрсетілген медициналық көмекті көрсетуді** қамтамасыз етуге. Көрсетілген міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін жағдайлар туындаған кезде Сатып алу қағидаларына сәйкес дерекқорға қосылған бірлесіп орындаушыларды тарту арқылы көрсетілген медициналық көмекті бұйымдардың болуын қамтамасыз етуге қажет;

16) **Қызметтер берушінің МАЖ-де, Денсаулық сақтаудың АЖ-де** дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың медициналық қызметтерін тұтынушыға дербестендірілген есепті қамтамасыз етуге;

17) Сатып алу шартының және осы Шарттың талаптарын орындау үшін кемінде бір айлық қажеттілік көлемінде дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың, мамандандырылған емдік өнімдердің, шығыс материалдардың және тамақ Қызметтердерінің төмендетілмейтін қорының болуы, (стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайдағы медициналық көмек, жедел медициналық көмек, медициналық оңалту, паллиативтік көмек көрсететін қызметтер берушілер үшін);

18) Тапсырыс берушінің талабы бойынша осы Шарт талаптарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру үшін, оның ішінде медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелердің мониторингін жүргізу үшін Қызметтерді берушінің және оның бірлесіп орындаушысының өндірістік базасына (базаларына) және қажет болған жағдайда, әкімшілік бөлімшесіне қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

19) денсаулық сақтаудың АЖ-де есепті айдан кейінгі айдың 30-күніне дейінгі мерзімде бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттары негізінде Ақы төлеу қағидаларына сәйкес медициналық көмек (медициналық қызметтер) көрсету кезінде кірістер мен шығыстардың құрылымы туралы ақпаратты дұрыс, дұрыс енгізуді қамтамасыз етсін;

20) зертханалық-диагностикалық қызметтерді бірлесіп орындауға беру кезінде өзінің өндірістік базасында қажетті материалды алуды және жеткізуді қамтамасыз етуге (алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін қызметтер берушілер үшін);

21) бірлесіп орындаушылар алдындағы міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге, оның ішінде:

- бірлесіп орындаушы оны жіберген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде көрсетілген қызметтер актісін келісу немесе дәлелді бас тарту ұсынуға;

- есепті кезеңде көрсетілген қызметтер үшін Тапсырыс берушімен төлеуді аударғанан кейін бес жұмыс күні ішінде бірлесіп орындаушыларға ақы төлеуге;

22) Сатып алу қағидаларына сәйкес дерек базасына енгізілмеген шетелдік денсаулық сақтау субъектілерін бірлесіп орындаушы ретінде тарту Тапсырыс берушінің келісімін қамтамасыз етуге;

23) көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу нәтижелері бойынша тоқсан сайын Ақы төлеу қағидаларына сәйкес Сатып алу шарты бойынша медициналық қызметтер көлемдерінің және қаржылық міндеттемелердің орындалуын салыстыруды жүзеге асыруға;

24) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сатып алу шартының және осы Шарттың талаптарын орындау мониторингін, сондай-ақ, Сатып алу шарты және осы Шарт бойынша нақтылайтын құжаттаманы қоса бере отырып, бастапқы бухгалтерлік құжаттарын мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттаманы, оның ішінде бірлесіп орындаушы бойынша ақпарат пен құжаттаманы, сұрату бойынша ұсынуға;

25) Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша келесі есептерді ұсынуға: пайда мен залал туралы есеп; дебиторлық және кредиторлық берешек туралы есеп; ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп; дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қалдығы; негізгі құралдар бойынша есеп; айналым-сальдо ведомостары;

26) Тапсырыс берушіні (көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып) шешім қабылданған күнен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге:

- сенімгерлік басқаруға беру немесе меншік иесінің өзге де өзгеру жағдайларда;

- ұйымның қызметін немесе медициналық қызмет түрін тоқтата тұру кезде;

- тарату, қайта ұйымдастыру кезде;

- ұйым атауының, орналасқан жерінің, өндірістік базаның және (немесе) банк деректемелерінің өзгеруі кезде;

- Сатып алу шартының және осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін өзге жағдайларда;

27) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қызметкерлерге еңбекақы төлеуді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдарды төлеуді, дәрілік заттарды сатып алуға шығымдарды төлеуді басым тәртіппен қамтамасыз ету;

28) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығына сәйкес кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компонентінің қаражаты есебінен қызметкерлерге көтермелеу төлеуді

қамтамасыз етуге (алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін қызметтер берушілер үшін);

29) медициналық көмек көрсету үшін қажетті техникалық жарамды медициналық және қосалқы автокөліктің болуын қамтамасыз ету;

30) медициналық көмек көрсетудің сапасы мен тиімділігін жақсартуды қамтамасыз ете отырып, **Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамаға, оның ішінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына, медициналық көмек көрсету қағидаларына, сондай-ақ клиникалық хаттамаларға сәйкес, сапалы медициналық көмек көрсетуге;**

31) санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен талаптарды сақтауға;

32) денсаулық сақтаудың АЖ-мен интеграциялаумен бухгалтерлік және қаржылық есептің ақпараттық жүйелерін жүргізуді қамтамасыз ету;

33) есепті жылдың **31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, сондай - ақ есепті жылдан кейінгі жылдың 28/29 ақпанындағы жағдай бойынша жыл қорытындылары бойынша есеп айырысулар аяқталған күніне, Сатып алу шарты бойынша төлемдер өзара есеп айырысуларын салыстыруды жүргізуге;**

34) Сатып алу шарты және осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қаржы қаражатының болмауы немесе жеткіліксіздігі тәуекелдеріне жол бермеу жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

35) өтеу мерзімі өткен кредиттік берешектердің болдыруына жол бермеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етуге;

36) Қызметтер берушіде медициналық қызмет көрсету кезінде **бұзушылықтар** анықталған кезде уәкілетті органдар **шығарған қорытындылар, ұйғарымдар, қаулылар және өзге де актілер** туралы Тапсырыс берушіні оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге;

37) осы Шарт және Сатып алу шарттары шеңберінде көрсетілетін қызметтер туралы және оларды көрсету шарттары туралы көрнекі үгіт орындарында **және интернет-ресурстарда** медициналық қызметтерді тұтынушыларды хабардар етуді қамтамасыз етуге;

38) ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қызметтерін көрсету мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуге;

39) шарттық міндеттемелерді орындау мониторингінің, оның ішінде медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелердің мониторингі нәтижелерімен келіспеген жағдайда мониторинг бойынша қорытындыға жасаған күні қол қоюдан бас тартуды жазбаша баяндау және Тапсырыс берушіге үш жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде дәлелді қарсылықтарды ұсыну қажет. Белгіленген мерзімде дәлелді қарсылықтар ұсынылмаған жағдайда, қорытынды Қызметтер берушімен келісілген және қабылданған болып саналады;

40) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Сатып алу шартында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

14. Қызметтер берушінің құқығы бар:

1) Ақы төлеу қағидаларына, Сатып алу шартының және осы Шарттың талаптарына сәйкес ақы алуға;

2) Сатып алу қағидаларына сәйкес дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілерімен бірлесіп орындау шартын жасау жолымен Сатып алу шарты және осы Шарт бойынша міндеттемелердің бір бөлігін орындау үшін бірлесіп орындаушыларды тартуға.

3) Сатып алу шартының және осы Шарттың талаптарын түсіндіру үшін Тапсырыс берушіге жүгіну;

4) Қызметтер берушінің сұрауы бойынша Тапсырыс берушіден Ақы төлеу қағидаларында белгіленген төлем мерзімдерінің өзгеру себептері туралы ақпарат алуға;

5) Қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуын мониторингтеу, оның ішінде медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі жөніндегі шарттық міндеттемелер мониторингі нәтижелеріне **Мониторингтеу қағидаларында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде шағым жасауға;**

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, қызметтерді сатып алу шартына және осы Шартқа сәйкес өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы.

15. Тапсырыс беруші міндетті:

1) осы Шартқа қосымшаға сәйкес өнім шарттық міндеттемелердің орындалуын бағалау индикаторларын қолдана отырып;

осы Шартқа қосымшаға сәйкес қызметтер берушінің қол жеткізбегені үшін экономикалық ықпал ету шаралары қолданылмайтын шарттық міндеттемелерді орындауын бағалау индикаторларын қолдана отырып, Мониторинг қағидаларына сәйкес Қызметтер берушімен осы Шарт және Сатып алу шарты бойынша талаптарын орындауына, оның ішінде медициналық қызметтерді тұтынушыларға көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелердің мониторингіне, мониторинг жүргізу;

2) Ақы төлеу қағидаларында, осы Шартта және Сатып алу шартында көзделген тәртіпте және мерзімде Қызметтер берушіге көрсетілген қызметтерге ақы төлеуді жүргізуге;

3) **өзге төлемдерді немесе шегерімдерді, көрсетілген қызметтер актілері бойынша төлеуге қабылданған сомадан бұрын төленген авансты Ақы төлеу қағидаларына сәйкес ұстап қалуды жүзеге асыру;**

4) Қызметтер берушінің сұратуы бойынша Сатып алу шартының және осы Шарттың талаптары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;

5) осы Шартқа енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы Тапсырыс берушінің интернет-ресурсында және (немесе) веб-

порталда (ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді денсаулық сақтау субъектілерінен сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне бірыңғай қол жеткізу нүктесін беретін ақпараттық жүйе) жариялау арқылы бекіту күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Қызметтер берушіні хабардар етуге;

б) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, қызметтерді сатып алу шартында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

16. Тапсырыс берушінің құқығы бар:

1) Сатып алу шарты және осы Шарт бойынша **нақтылау құжаттамасын сұратумен кірістер мен шығыстардың құрылымы бойынша ақпарат жинауды жүзеге асыру;**

2) Сатып алу шартының, **осы Шарттың** талаптарын орындау мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттаманы, оның ішінде бірлесіп орындаушылар бойынша, сұрау және алу;

3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға, **денсаулық сақтауды басқармаға** және өзге де мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда өз құзыреті шегінде ресми сұрау салулар бойынша Сатып алу шарты және осы Шарт бойынша **Қызметтер берушімен** міндеттемелерді орындалуы туралы, сондай-ақ осындай бұзушылықтарды қарау аталған мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын бұзушылықтар фактілер анықталған жағдайда ақпарат жіберуге;

4) Қызметтер беруші Сатып алу шартында көзделген медициналық қызметтер көлемін және соманы орындамаған немесе болжамды орындамаған жағдайда, Сатып алу шартының медициналық қызметтер көлемін және (немесе) сомасын азайтуға;

5) **Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген тәртіппен** осы Шартқа және Сатып алу шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге;

б) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Сатып алу шартында және осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

5. Тараптардың жауапкершілігі

17. Осы Шарттың 13-тармағында көзделген міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау бойынша бұзушылықтар анықталған кезде Тапсырыс беруші Мониторинг Қағидаларына сәйкес өткізілген Сатып алу шартының және осы Шарттың талаптарын орындаудың мониторингі шеңберінде әрбір бұзушылық фактісі үшін:

- бұзушылық анықталған кезде қолданылатын Сатып алу шартының жалпы сомасынан 0,05% мөлшерінде;

- осы Шарттың 13-тармақтың 21), 27) және 29)-тармақшалары бойынша бұзушылық анықталған кезде қолданылатын Сатып алу шартының жалпы сомасынан 0,07% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын есептейді.

Міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау бойынша бұзушылықтар анықталған кезде тұрақсыздық айыбының жиынтық сомасы қолданыстағы Сатып алу шартының жалпы сомасының 1% - нан аспауға тиіс.

Тапсырыс беруші осы Шарттың 13-тармағының 4)-7), 19), 23), 24), 25), 30) – 39-тармақшаларында көрсетілген міндеттемелер бойынша тұрақсыздық айыбын есептелмейді.

Тапсырыс беруші Қызметтер берушіге шарттық міндеттемелердің орындалу мониторингінің нәтижелері бойынша тұрақсыздық айыбын өндіріп алу хаттамасын (бұдан әрі – тұрақсыздық айыбын өндіріп алу хаттамасы) қарауға және қол қоюға жібереді.

Қызметтер беруші он күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс беруші жіберген тұрақсыздық айыбын өндіріп алу хаттамасына қол қояды немесе мониторинг нәтижелерімен келіспейтіні туралы дәлелді жауап береді және оны Тапсырыс берушіге жібереді. Қызметтер беруші тұрақсыздық айыбын өндіріп алу хаттамасымен келіспеген жағдайда Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қарауға құқылы.

Екі Тарап қол қойған тұрақсыздық айыбын өндіріп алу хаттамасына сәйкес тұрақсыздық айыбын өндіріп алу хаттамасына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Қызметтер беруші тұрақсыздық айыбының сомасын дербес төлеуі тиіс.

Осы тармақта көрсетілген мерзімдерде тұрақсыздық айыбының сомасын төлеуді жүзеге асырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрақсыздық айыбының сомасын өндіріп алуға міндетті.

Көрсетілген қызметтерге ақы төленгеннен кейін Сатып алу шартының қолданылу кезеңінде мониторинг кезінде белгіленуі мүмкін емес ақаулары және (немесе) осы Шарттың және Сатып алу шартының талаптары тиісінше орындалмағаны (бұдан әрі – жасырын кемшіліктер) анықталған кезде, Тапсырыс беруші бұл туралы жасырын кемшілік анықталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қызметтер берушіге хабарлайды және Ақаулардың бірыңғай жіктеушісі мен осы Шарттың талаптарына сәйкес экономикалық ықпал ету шараларын қолданады.

Сатып алу шартының қолданылу (бұзылуы) мерзімі өткеннен кейін табылған ақауға қатысты жасырын кемшілік анықталған кезде Сатып алу шартының қолданылу сәтіндегі тиісті ақау сомасына тең мөлшерде, ал ақау болмаған жағдайда Сатып алу шарттың қолданылу сәтіндегі тұрақсыздық айыбының мөлшері қолданылады.

Сатып алу шартының қолданылу (бұзылуы) мерзімі өткеннен кейін табылған тұрақсыздық айыбы Сатып алу шартында көзделген жасырын кемшілік анықталған жағдайда, Сатып алу шарттың қолданылу сәтіндегі тұрақсыздық айыбына тең мөлшерде тұрақсыздық айыбы қолданылады.

18. Осы Шарттың 17-тармағына сәйкес Қызметтер беруші төлеген тұрақсыздық айыбын Тапсырыс беруші Сатып алу қағидаларына сәйкес көлемдерді орналастыру үшін пайдалануға тиіс.

19. Тапсырыс беруші Мониторинг қағидаларына сәйкес экономикалық ықпал ету шараларын қолданады.

Мониторинг қағидаларына сәйкес Ақаулардың бірыңғай жіктеуішісіне сәйкес экономикалық ықпал ету шараларын қолданған кезде сол бір бұзушылық бойынша қайтадан тұрақсыздық айыбы есептелмейді.

20. Осы Шарттың және Сатып алу шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Тараптарды осы мерзім аяқталғанға дейін орын алған оны бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

6. Бірлескен орындау бойынша негізгі ережелері

21. Бірлесіп орындау шарты мынадай негізгі мәліметтерді қамтиды:

- бірлесіп орындау шартының мәні, оның ішінде қызметтер көрсету орны, қызметтер тізбесі мен көлемі, бірлесіп орындаушының қызметтер көрсету талаптары;

- қызметтерге ақы төлеу тәртібі (аванстау, қызметтер үшін тарифтер, қызметтерді төлеуге қабылдау шарттары, төлем құжаттарына қол қою шарттары мен мерзімдері және т. б.);

- тараптардың құқықтары мен міндеттері;

- тараптардың жауапкершілігі (оның ішінде тұрақсыздық айыбын қолдану);

- бірлесіп орындау шартын өзгерту және бұзу;

- еңсерілмейтін күш жағдайлары;

- қорытынды ережелер;

- тараптардың мекенжайлары мен деректемелері.

22. Сатып алу қағидаларында көзделген жағдайларда қызметтер көрсету үшін Қызметтер берушінің бірлескен орындаушыны тартуына жол берілмейді.

23. Қызметтер берушінің Қызметтерді сатып алу шарты және осы Шарт бойынша міндеттемелерінің бір бөлігін орындау үшін үшінші тұлғаларды тартуы оны осы Шарт және Сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін жауапкершіліктен босатпайды.

7. Тараптардың өзара қарым-қатынастары тәртібі

24. Тапсырыс беруші мен Қызметтер беруші осы Шартты немесе Сатып алу шартын іске асыру кезінде, тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды шешуге күш салады.

25. Осы Шарттан және Сатып алу шартынан туындайтын құқықтық қатынастар бойынша тікелей келіссөздер процесінде дау реттелмеген жағдайда Тапсырыс беруші мен Қызметтер берушінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мұндай дауды шешуге құқығы бар.

8. Шартты және Сатып алу шартын өзгерту және бұзу

26. Осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы Қызметтер берушіні хабардар ету Тапсырыс берушінің интернет-ресурсында және (немесе) веб-порталда, **өзгерістер және (немесе) толықтыруларды есепке алып**, толық мәтінін өзгерістер күшіне енгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей міндетті түрде жариялау арқылы жүзеге асырылады.

27. Жасалған Сатып алу шартына өзгерістер енгізуге Сатып алу қағидаларының 19, 41-тармақтарында, Ақы төлеу қағидаларының 26-тармағында, Осы Шарттың 16-тармақтың 5)-тармақшасында көрсетілген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда жол беріледі.

Сатып алу шартына кез келген өзгерістер және толықтырулар шарт жасасу сияқты нысанында жасалады. Сатып алу шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың осыған уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды.

28. Сатып алу шарты Тараптардың келісімі бойынша да, бір жақты тәртіппен де мерзімінен бұрын бұзылуға жатады.

Тараптардың келісімі бойынша Сатып алу шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, бұзуға бастамашы Тарап екінші Тарапқа ол бұзылғанға дейін күнтізбелік он бес күн бұрын жазбаша түрде тиісті хабарлама жібереді. Хабарлама жіберілген күннен бастап күнтізбелік он бес күн өткеннен кейін Тараптар толық өзара есеп айырысуды жүзеге асырған жағдайда Сатып алу шарты бұзылған болып есептеледі.

Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және қосылу шартында белгіленген талаптарды ескере отырып, қызметтерді сатып алу шартын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзады мынадай жағдайларда:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган немесе мемлекеттік органдардың актілері шығару кезде:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес медициналық қызметке Қызметтер берушінің лицензиясының және (немесе)

лицензияға қосымшаларының қолданылуын тоқтата тұру, **тоқтату немесе айыру (кері қайтарып алу)** туралы;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру туралы;

2) **жалған ақпарат беру фактісін анықтау кезде** (тиісті өндірістік базаның, лицензияның және осы Шарт және Сатып алу шарты бойынша тиісті медициналық қызметтер көрсетуге арналған лицензияға және лицензияға қажетті қосымшалардың болмауы, тиісті еңбек және материалдық ресурстардың (медициналық жабдық/медициналық техника және т. б.) және медициналық қызметтерді Сатып алу қағидаларына сәйкес орналастыру үшін негіз болып табылатын басқа да мәліметтердің **жалған ақпарат беру фактісін анықтау кезде;**

3) Тапсырыс берушінің медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелердің орындалуына мониторинг жүргізу үшін МАЖ-ға қол жеткізуді ұсынбауы кезде;

4) медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі жөніндегі шарттық міндеттемелердің мониторингін Тапсырыс берушінің жүргізуі үшін Қызметтер берушінің немесе бірлесіп орындаушының аумағына Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша қол жеткізуді қамтамасыз етпеген немесе қамтамасыз етпеген кезде;

5) Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелердің мониторингін жүргізу үшін қажетті ақпарат пен құжаттама, **оның ішінде бірлесіп орындаушы бойынша**, нақты шығыстарды туралы ақпаратты **қоса алғанда**, берілмеген немесе жалған ұсынылған кезде;

б) Сатып алу шартына қосымша келісімге қол қоюдан үш жұмыс күні ішінде жалтарған кезде;

7) Тараптардың бірі таратылған кезде;

8) осы Шартта көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер бұзылған кезде;

9) **Қызметтер беруші тарапынан жол берілген бұзушылық Тапсырыс беруші үшін Сатып алу шартын жасасу кезінде айтарлықтай дәрежеде сенім артуға құқылы нәрседен айырылған кезде Тапсырыс беруші үшін осындай залалға әкеп соғатын осы Шартты елеулі түрде бұзылуы, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей,**

ақшаға билік етуге уақытша шектеу қою, барлық банктік шоттардағы Қызметтер берушінің ақшасына тыйым салу;

медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша мониторинг жүргізу кезінде Сатып алу шартының айлық сомасынан көрсетілетін медициналық қызметтердің (көмектің) Қызметтер беруші көрсеткен ақауларының елу пайызынан астамына қолдану;

медициналық қызметтердің (көмектің) осы түріне (кіші түріне) лицензиясыз медициналық қызметтер (көмек) көрсеткен жағдайда;

10) медициналық-санитариялық алғашқы көмекті жүзеге асыратын Қызметтер берушінің Денсаулық туралы кодекстің 123-бабының талаптарына сәйкес келмеуі.

Осы тармақтың үшінші бөлігімен көзделген негіздер бойынша Сатып алу шартын бұзуды Тапсырыс беруші бір жақты тәртіппен Қызметтер берушіге ол бұзылғанға дейін күнтізбелік он бес күн бұрын тиісті хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырады. Хабарлама жіберілген күннен бастап күнтізбелік он бес күн өткен соң **Тараптар толық өзара есеп айырысуды жүзеге асырған жағдайда** Сатып алу шарты бұзылды деп есептеледі.

Қызметтер беруші осы Шарт және Сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартқан жағдайда, Қызметтер беруші себебін көрсете отырып, бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар етеді және Тапсырыс беруші осындай хабарламаны алғаннан кейін бір ай өткен соң **Тараптар толық өзара есеп айырысуды жүзеге асырған жағдайда** Сатып алу шарты бұзылды деп есептеледі.

29. Осы Шарт немесе Сатып алу шарты ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін сатып алу және оған ақы төлеу саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын өзгерту немесе толықтыру нәтижесінде тоқтатылуы немесе өзгертілуі мүмкін. Бұл ретте, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, осы Шарттың және Сатып алу шартының қолданылуы тоқтатылады немесе осындай өзгерістер немесе толықтырулар күшіне енген күннен бастап өзгертіледі.

9. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

30. Тараптар осы Шарт және Сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау және (немесе) тиісінше орындау табиғи және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды немесе төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-қимылдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсері салдарынан мүмкін болмаса, жауапкершіліктен босатылады.

31. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына жатпайды:

1) Қызметтер берушінің қасақана және абайсыз әрекеттерінен туындаған оқиғалар;

2) жеткізуші болжай алатын және еңсере алатын оқиғалар.

32. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде Қызметтер беруші бір жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді.

33. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының дәлелі Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауын растайтын ресми құжаттары болып табылады.

34. Уақтылы хабарламау Қызметтер берушіні осы Шарт бойынша жауапкершіліктен босататын негіз ретінде осы Шарттың **30**-тармағында көзделген мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырады.

35. Еңсерілмес күш жағдайлары тоқтатылғаннан кейін Қызметтер беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды дереу жаңартады және осы Шарттың **30**-тармағында көзделген жағдайлар тоқтатылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіні жазбаша нысанда хабардар етеді.

10. Қорытынды ережелер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер

36. Сатып алу қағидаларында және осы Шартта көзделген тәртіппен дерекқордан бірлесіп орындаушыларды тартуды қоспағанда, Қызметтер берушінің осы Шарт пен Сатып алу шарты бойынша медициналық қызметтерді орындау жөніндегі өз міндеттемелерін толық, не ішінара беруге құқығы жоқ.

37. Тараптар және олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері өз міндеттемелерін орындау кезінде осы Шарттың, пара беру/ алу ретінде заңнамамен Сатып алу шартының мақсаттары үшін сараланатын әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын өзге де әрекеттерді жүзеге асырмайды.

38. Сатып алу шарт жасасу және (немесе) орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері шаруашылық қызметінде қандай да бір құқыққа қайшы артықшылықтарды сақтау немесе алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген нысанда, тікелей де делдалдар арқылы қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және оларға рұқсат бермейді.

39. Тараптар медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын дайындауға және/немесе орындауға қатысатын тұлғалардың үлестестігі фактілері анықталған жағдайда бір-бірін дереу хабардар етуге міндеттенеді.

40. Тараптар мүдделер қақтығысын болдырмауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды шектеуге және жоюға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы талаптар мен шектеулерді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын сақтауға ұмтылады.

41. Бір Тарап осы Шарттың осы бөлімінде тыйым салынған іс-әрекеттерден бас тарту міндеттемелерін бұзған жағдайда, екінші Тарап тиісті хабарлама жібере отырып, медициналық қызметтерді сатып алу шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

42. Осы Шартта және Сатып алу шартында реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

43. Егер осы Шарттың және Сатып алу шартының талаптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына қайшы келсе, онда мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

44. Тараптар дербес деректерді, құпия ақпаратты оларға заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, дербес деректерді жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауға міндеттенеді. Егер Тараптардың бірі дербес деректерді өңдеуді үшінші тұлғаларға тапсырса, оған аталған тұлғалардың дербес деректердің құпиялылығын және дербес деректерді өңдеу кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

45. Сатып алу шарт тарапында осы талаптардың ықтимал бұзылуы туралы пайымдауға нақты негіздер туындаған жағдайда, ол бұл туралы екінші Тарапты қалыптасқан жағдай шешілгенге дейін шарттық міндеттемелердің орындалуын тоқтата тұру туралы мәселе қойылғанға дейін жазбаша хабардар етуге тиіс.

Сатып алу шарты бойынша алаяқтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталған жағдайда тиісті Тарап хабарламаны алған сәттен бастап он күн ішінде тиісті Растауды қоса бере отырып, осы тәуекелдерді жою бойынша қабылданған шаралар туралы екінші Тарапқа хабарлауға тиіс.

46. Осы Шарт бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

47. Осы Шартқа сәйкес екінші Тарапқа жіберілетін Тараптардың хабарламалары пошта байланысы, факс, веб-портал арқылы жіберіледі.

48. Осы Шарт оны Тапсырыс берушінің атқарушы органы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді және **Қордың интернет-порталында және (немесе) веб-порталында ресми жариялануға тиіс.**

49. Анықталған жасырын ақаулар мен орындалмаған қаржылық міндеттемелер бойынша туындаған құқықтық қатынастарды қоспағанда, **Қызметтер беруші Сатып алу шартының қолданылу мерзімі аяқталған кезде немесе ол бұзылған кезден бастап осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тоқтатады.**

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру
жүйесінде қызметтерді сатып
алуға
қосылу шартына
қосымша

Шарттық міндеттемелерді орындауын бағалау индикаторлары

«Медициналық-санитарлық алғашқы көмек» түрі бойынша индикаторлар		
№	Индикаторлардың атауы	Шекті мән
1	Диспансерлік есепке уақтылы алынған жіті коронарлық синдромы (бұдан әрі – ЖКС) бар пациенттердің үлесі және ми қан айналымы жіті (бұдан әрі – МҚАЖ) бұзылған пациенттердің үлесі	100%-ға ұмтылады
2	Жалпы келу санынан профилактикалық тексерулер бойынша келу үлесі (%)	Кемінде 40%
3	Жоспарланған халық арасынан халықты скринингтік зерттеулермен қамту	100%-ға ұмтылады
4	Онкологиялық ауруларды ерте анықтауға арналған скринингтік зерттеулер жүргізудің тиімділігі	
5	Тіркелген халық арасынан стационарға жатқызылғандардың жалпы санынан тіркелген халық арасынан тәулік бойы стационарға шұғыл жатқызылғандардың үлесі	70%-дан артық емес
6	Динамикалық бақылауда тұрған адамдар санынан еңбекке қабілетті жаста қайтыс болған	0-ге ұмтылады

	адамдардың өткен жылы кезеңмен салыстырғандағы үлесі	
7	18 жастан асқан тіркелген адамдар қатарынан артериялық гипертензия диагнозымен динамикалық бақылауда тұрған адамдар санынан МҚАЖ ауырған адамдардың үлесі (%)	10%-дан артық емес
8	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ - 75 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесіне сәйкес амбулаториялық қамтамасыз ету үшін дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен және мамандандырылған емдіктермен пациенттерді қамтамасыз ету	100%-ға ұмтылады
9	Динамикалық бақылауға жататын адамдарды емдеуге жатқызу деңгейін төмендету	0-ге ұмтылады
10	Жүкті әйелдерді ерте есепке алу (12 аптаға дейін)	100%-ға ұмтылады
11	Тіркелген балалар арасында жіті ішек инфекциясы бар балаларды 1 жасқа дейінгі балаларды емдеуге жатқызу деңгейін төмендету (балаларды емдеуге жатқызудан%)	0-ге ұмтылады
12	Бейінді мамандардың консультациясын 10 күннен артық күтетін пациенттердің үлесі	0%
13	Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметінің болуы	Болуы / болмауы

--	--	--

«Стационарлық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек» түрі бойынша индикаторлар		
№	Индикаторлардың атауы	Шекті мән
1	Анестезиологиялық және реанимациялық қызметтің болуы	Болуы / болмауы
2	Жоспарлы емдеуге жатқызу кезінде алдын ала және қорытынды диагноздардың сәйкессіздігі	10%-дан артық емес
3	Тәуліктік өлім жағдайларын қоспағанда, I, II және III санаттағы клиникалық және патологиялық анатомиялық диагноздардың сәйкессіздігі	0-ге ұмтылады
4	Алдын алуға болатын өлім көрсеткіші	0-ге ұмтылады
5	Ұқсас аурумен шығарылғаннан кейін 1 ай ішінде шұғыл қайта емдеуге жатқызу	0-ге ұмтылады
6	Жоспарлы операцияны күту жағдайларының үлес салмағы (жедел емдеумен жоспарлы емдеуге жатқызу жағдайларының жалпы санынан 48 сағаттан артық емес)	10%-дан артық емес
7	Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметінің болуы	Болуы / болмауы

«Жедел медициналық көмек» түрі бойынша индикаторлар		
№	Индикаторлардың атауы	Шекті мән
1	1000 шақыртуға бірінші шақырту сәтінен бастап бір тәулік ішінде сол ауру бойынша жедел жәрдемді қайта шақырту жағдайлары	0-ге ұмтылады
2	Жедел жәрдем бригадасының жетуінен шұғылдық санаттары бойынша шақыруды алған сәттен бастап пациенттің тұрған жеріне дейін белгіленген уақыттан артық уақыт ішінде уақтылы кетпеу үлесі (ауылдық жерді қоспағанда)	0-ге ұмтылады

3	Халықаралық стандарттарға (BLS, ATLS, PHTLS, PALS) сәйкес жедел жәрдем көрсету дағдыларына оқытылған жедел медициналық жәрдем мамандарының үлесі	кемінде 80%
4	Санитарлық көліктің GPS-навигациясымен жарақтандырылуы	кемінде 80%
5	Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметінің болуы	Болуы / болмауы

«Стационарды алмастыратын жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек» түрі бойынша индикаторлар		
№	Индикаторлардың атауы	Шекті мән
1	Амбулаториялық деңгейде емделуге жататын күндізгі стационар деңгейінде емделген жағдайлардың үлесі	0-ге ұмтылады
2	Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметінің болуы	Болуы / болмауы